

Өзге тілді студенттерге қазақ мақал-мәтелдерін меңгерудің жолдары

Егеменді еліміздің әлемдік өркениетті елдердің қатарына қосылып, өзге елдермен саяси, экономикалық, мәдени және достық қарым-қатынастарын нығайтуына, әлемдік қауымдастықта ықпалының артуына, сондай-ақ қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты шетелдіктер мен Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытуда. Осыған орай, қазіргі таңда қазақ тілін үйрету мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 2006 жылдың наурыз айындағы жолдауында: «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап түлете береміз. Сонымен қатар, ұлтаралық мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» деген жалынды сөздері тіл мамандарының қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде әрбір сабақты сапалы ұйымдастыруға және халқымыздың бай мәдени мұрасымен ынта-жігермен таныстыруға ұмтылдырады [1, 7].

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытатын мамандарымыз тіл үйретуде дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар, заманауи әдістемелерді ұтымды қолдану арқылы тіл үйренушінің тілімізді меңгеруге деген қызығушылығын арттыра отырып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруде өзіндік үлестерін қосуда.

Жалғастырушы деңгейдегі тіл үйренушілердің сөздік қорын молайтуда, әсіресе сөйлеу, жазу дағдыларын дамытуда мақал-мәтелдер ерекше рөл атқарады. Өйткені мақал-мәтелдерді қолданып сөйлеу немесе жазу арқылы тіл үйренуші ойын нақты, әрі көркем жеткізе алады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдерді меңгеру арқылы тілдің ұлттық қасиеттерін, халықтың рухын тереңірек түсінетін болады.

Академик Әбдуәлі Қайдаров мақал-мәтелдердің халықтың рухымен, өміршең дәстүрімен байланысы жайында «Қалыптасып қалған әдеби фольклор дәстүрі бойынша мақал-мәтелдер мен даналық сөздерді дүниеге келтірген күдіретті күш – халық рухы. Олардың халықпен бірге туып, бірге жасауы, жадында ұзақ сақталып, келешек ұрпаққа рухани мұра болып ауысып отыруы да, сайып келгенде, сол халықтың үзілмей дамып отыратын өміршең дәстүрімен байланысты болса керек» деп тұжырым жасайды [2, 17].

Мақал-мәтелдер – аз сөзбен терең мағына беретін, асқан шеберлікпен жасалған халық даналығы, халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес мұрасы. «Мақал-мәтелдердің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең философиялық мән-мағынасы осындай тамаша шығармалар тудырған қазақ халқының сарқылмас даналығының анық айғағы» [3, 234].

Аталарымыз тоқсан ауыз сөзді қысқа да нұсқа етіп түйіндеу үшін әрдайым фольклорымыздың теңдесіз қазынасы мақал-мәтелдерге жүгінген. «Аталарымыз көбіне білектің күшіне емес, жүректің сөзіне тоқтап отырған. Сөздің сылдырына емес, шындығына бойлаған. Сөздің көптігіне емес, дөптігіне құлаған» [4, 4].

Мақал-мәтелдер өмірдің өзі сияқты өте күрделі құбылыс. Мақал-мәтелдерден қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, бір халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тіпті тарихын көруге болады. Қай халықтың болмасын сан ғасырлық тәжірибесі, аса бай мәдени мұрасы ақылдың көзі болып табылатын мақал-мәтелдерде көрініс табады. Сондай-ақ мақал-мәтелдер ықшамдылығымен, ой дәлдігімен, мағынасының тереңдігімен және тілінің өткірлігімен ерекшеленеді.

«Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсалдық құбылыс» [5, 1].

Қай тіл болмасын дүниежүзіндегі халықтардан рухани қазына алмасу арқылы байып отырады, тіл-тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті, заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден анық көрінеді. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер – сөйлеу тілінде де, жазу тілінде де көп қолданылатын бейнелі сөз үлгісі. Тілдің байлығы, сұлулығы және өткірлігі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде анық көрініс табады. Фразеологизмдер өмірдің барлық саласын қамтиды, тілімізге бейнелі және мәнерлі ренк береді. Тіл үйренушінің мақал-мәтелдерді қолдану шеберлігі оның мақсат етіліп отырған тілді меңгеру дәрежесінің көрсеткіші бола алады.

Өзге тілді студенттердің тілі халықтың салтымен, әдет-ғұрпымен, дәстүрімен тығыз байланыста дамиды. Халқымыздың қысқа да нұсқа насихаттарының жиынтығы мақал-мәтелдері мен бейнелі сөз өрнегі тұрақты сөз тіркестерін өзге тілді аудиторияда оқыту мәселесі – қолданбалы тіл білімінің маңызды, әрі қызықты мәселелерінің бірі. Өйткені мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін меңгеру арқылы өзге тілді студенттердің қазақша сөйлеу және жазу дағдылары қалыптасады, сөздік қоры кеңейеді, сондай-ақ олар сөйлемдерді синтаксистік тұрғыдан дұрыс құрап, қазақша ойлай алады.

Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында лексикалық және грамматикалық материалдарды сұрыптап алу асқан жауапкершілікті талап етеді. Өзге тілді студенттерге үйретілетін мақал-мәтелдерді таңдаудағы ең басты мәселе – оның тәрбиелік мәніне, күнделікті тұрмыста жиі қолданылу шартына, лексикалық немесе грамматикалық тақырыппен сәйкес келуіне байланысты болу керек.

Өзге тілді аудиторияда мақал-мәтелдерді меңгерту ісі алдымен ол күні дәрісте өтілетін мақал-мәтелдермен таныстыру және олардың мағынасын түсіндірумен басталғаны абзал, себебі тіл үйренуші мақал-мәтелдерді қолдану үшін, ең алдымен олардың мағыналарын жетік меңгеруі керек. Мақал-мәтелдерді түсіндіру барысында оның нақты мағынасын *синоним сөздермен түсіндіру тәсіліне* жүгінген жөн. Мақал-мәтелдерді түсіндірудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – ол мақал-мәтелдің тіл үйренушінің ана тіліндегі немесе орыс тіліндегі баламасын беру. Мақал-мәтелдерді меңгерту барысында осы мәселелерге ерекше көңіл бөлуіміз керек. Бұл әдіс-тәсілдерді Power Point’та дайындалған презентациялардың көмегімен ұтымды ұйымдастыруға болады.

Тіл үйренушінің мақал-мәтелдерді қолдану дағдысын қалыптастыру және ойын нақты жеткізе білуге машықтандыру үшін көптеген жаттығулар мен тапсырмалар орындалуы керек, сондай-ақ әр түрлі сөзжұмбақтар, ребустар, суреттер және ойындарға жүгінген жөн. Ойындар әрдайым студенттердің тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады және материалдарды ынта-жігермен қабылдап, теориялық білімдерін бекітуге, сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Әр түрлі жаттығулар, сөзжұмбақтар, ребустар және ойындар арқылы студенттердің алған білімі бекіп, оларды күнделікті тұрмыста қолдануға бейімделеді және ой-пікірін көркем жеткізуге дағдыланады.

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту барысында студенттердің сөйлеу, жазу дағдыларын дамыту және сөздік қорын молайтуда мақал-мәтелдерді қолдану тәжірибемізді

сіздермен бөлісу мақсатымен көптеген әдіс-тәсілдер мен жаттығулардың ішінен төменде бірнеше үлгісін ғана ұсынып отырмыз. Power Point’та дайындалған презентациялар мақаланың көлемі көтермеуіне байланысты берілмей отыр.

1- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.

- 1) Бірлік болмай, ... болмайды.
- 2) Бүгінгі істі ... қалдырма.
- 3) Оқу – білім ... , білім – өмір шырағы.
- 4) Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса ... ішінде.
- 5) Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп ... іш.
- 6) Торғайдан қорыққан екпейді.
- 7) Алма піс, ... түс.
- 8) Кұлме ... , келер басыңа.
- 9) Ашу – ... , ақыл – дос.
- 10) Дос – басқа, дұшпан – ... қарайды.

2- жаттығу. Мақал-мәтелдердің жұбын табыңыз.

- 1) Кұлме досыңа, ...
- 2) Оқу – білім бұлағы, ...
- 3) Дос жылатып айтады, ...
- 4) Еңбек етсең ерінбей, ...
- 5) Тау таумен кездеспейді, ...
- 6) Өнерлінің қолы алтын, ...
- 7) Қызым, саған айтамын, ...
- 8) Ақыл – тозбайтын тон, ...
- 9) Досы көпті жау алмайды, ...
- 10) Отан үшін отқа түс, жанбайсың, ...

3- жаттығу. Төмендегі кестеден мақал-мәтелдерді табыңыз.

Отан	елінде	сөз	сұлтан	алтын,
Кісі	тұрмаса	көп	оттан да	қимылдамайды.
Аз	Өз	қалса да	болғанша,	қалмайды.
Жел	елінде	өлсе де	Сөз	өлмейді.
Луру	өзі	келер	басы	басыңа.

Ғалымның	досына,	шөптің	Әдет	ыстық.
Күлме	ұлтан	сөзі	бол.	көмір.

4- жаттығу. Сұрақтарға жауап беру арқылы мақал-мәтелдерді толықтырып жазыңыз.

- 1) Татулық – (қандай?) _____ бақыт.
- 2) Алма (қайдан?) _____ ұзақ түспейді.
- 3) Жігітке (қанша?) _____ өнер де аз.
- 4) Жалқаулық – (қандай?) _____ ауру.
- 5) Егіннің жсайын еккен білер, арбаның жсайын (кім?) _____ білер.
- 6) Шегірткеден қорыққан (не?) _____ екпейді.
- 7) Алдына келсе, (кімнің?) _____ құнын кеш.

5-жаттығу. Бірінші бағанда берілген мақал-мәтелдердің сәйкес мағыналарын екінші бағаннан іздеп табыңыз.

Иілген басты қылыш кеспейді.	Шамаға қараушылық.
Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.	Бірлік, татулықтың маңызы.
Баланы жастан.	Арзан заттың сапасыз болуы.
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.	Баланы жас кезінде тәрбиелеудің маңызы.
Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады.	Кешіру.
Арзанның сорпасы татымас.	Аз істеп, көп міндет ету.
Көрпеңе қарай көсіл.	Уәдеде тұрудың маңызы.

6- жаттығу. Төмендегі сөздерді қолдана отырып, мақал-мәтел

құрастырыңыз.

- 1) Бірді / жығады / білімді / жығады / білікті / мыңды.
- 2) Ешкі / ысқырығы / айдағаны / жер / жарады / бес.
- 3) Туган / де / ыстық / жердің / күні / ыстық / де / күлі.
- 4) Балалы / ата-ананың / білерсің / болғанда / қадірін.
- 5) Оқ / жарасы / тіл / жазылмайды / жарасы / жазылады.

Ғалымның	досыңа,	шөптің	Әдет	ыстық.
Күлме	ұлтан	сөзі	бол.	көмір.

4- жаттығу. Сұрақтарға жауап беру арқылы мақал-мәтелдерді толықтырып жазыңыз.

- 1) Татулық – (қандай?) _____ бақыт.
- 2) Алма (қайдан?) _____ ұзақ түспейді.
- 3) Жігітке (қанша?) _____ өнер де аз.
- 4) Жалқаулық – (қандай?) _____ ауру.
- 5) Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын (кім?) _____ білер.
- 6) Шегірткеден қорыққан (не?) _____ екпейді.
- 7) Алдына келсе, (кімнің?) _____ құнын кеш.

5-жаттығу. Бірінші бағанда берілген мақал-мәтелдердің сәйкес мағыналарын екінші бағаннан іздеп табыңыз.

Иілген басты қылыш кеспейді.	Шамаға қараушылық.
Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.	Бірлік, татулықтың маңызы.
Баланы жастан.	Арзан заттың сапасыз болуы.
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.	Баланы жас кезінде тәрбиелеудің маңызы.
Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады.	Кешіру.
Арзанның сорпасы татымас.	Аз істеп, көп міндет ету.
Көрпеңе қарай көсіл.	Уәдеде тұрудың маңызы.

6- жаттығу. Төмендегі сөздерді қолдана отырып, мақал-мәтел

құрастырыңыз.

- 1) Бірді / жсыгады / білімді / жсыгады / білікті / мыңды.
- 2) Ешкі / ысқырығы / айдағаны / жер / жарады / бес.
- 3) Туған / де / ыстық / жердің / күні / ыстық / де / күлі.
- 4) Балалы / ата-ананың / білерсің / болғанда / қадірін.
- 5) Оқ / жарасы / тіл / жазылмайды / жарасы / жазылады.

7- жаттығу. Төмендегі мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыз.

- 1) *Отансыз адам – _____*
- 2) *Бал ұстаған _____*
- 3) *Адам баласы ішінде, _____*
- 4) *Адам сөйлескенше, _____*
- 5) *Көзден кетсе, _____*

8-жаттығу. Төмендегі сөздерді қолдана отырып, мақал-мәтел құрастырыңыз. Мысалы: *отан* Отан – оттан да ыстық.

тау

- 1) *алма ағашы*
- 2) *балық*
- 3) *көрпе*
- 4) *қарға*

9- жаттығу. Төмендегі мақал-мәтелдерді мағынасын түсіндіріңіз.

- 1) *Көрпеңе қарай көсіл.*
- 2) *Алма алма ағашынан ұзақ түспейді.*
- 3) *Аузы күйген үрлеп ішеді.*
- 4) *Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.*
- 5) *Апама жездем сай.*

10-жаттығу.

Төмендегі мақал-мәтелдердің біреуін таңдап ой-толғау жазыңыз.

- 1) *Ақыл жаста емес, баста.*
- 2) *Не ексең, соны орасың.*
- 3) *Жеті рет өлшеп, бір рет кес.*
- 4) *Өз үйім-өлең төсегім.*
- 5) *Сабыр түбі – сары алтын.*

Ойындар

Хат қалтадағы мақал-мәтелдер

Мұғалім студенттерді санына қарай төрт немесе бес топқа бөледі. Әр топқа сары, қызыл, жасыл т.б. түсті бір хатқалтадан таратады. Хатқалтаның ішінде мақал-мәтелдердің ішіндегі сөздер жеке-жеке беріледі. Мысалы: «бірді / жығады / білімді / жығады / білекті / мыңды».

Сол сөздермен бірінші болып мақал-мәтел құрастырған топ жеңімпаз атанады.

Сымсыз телефон

Мұғалім топтағы студенттерді үшке бөледі. Алдымен тақтаға бірінші топтағы студенттерін шақырады да, бірінші тұрған студенттің құлағына бір мақал-мәтелді сыбырлап айтады. Мысалы: «*Ақыл – жастан, асыл – тастан.*» Ол естіген мақалын жанындағы топтасына

сыбырлап жеткізеді. Ойын осылай жалғасып кете береді. Ең соңындағы студент мақалды бәріне естіртіп айтады. Егер оның айтқан мақалы мұғалімнің айтқанымен сәйкес келмесе, студенттерге соңынан басына қарай қайта атқызу арқылы қателескен оқушы табылады.

Тақтаға екінші және үшінші топтағы студенттер кезекпен шақырылып, ойын жалғасады. Мақал-мәтелді қатесіз жеткізген топ жеңімпаз атанады.

Мақалдың жұбын табыңыз.

Мұғалім студенттерді екі топқа бөледі. Бірінші топтағы студенттер мақалдың бірінші бөлігін айтады, ал екінші топ оның екінші бөлігін айту керек, яғни мақалдың жұбын табу керек. Дұрыс тапса, 10 ұпай жинап, өздерінің мақалының бірінші бөлігін екінші топқа айтады. Дұрыс таппаса, ұпай жинамайды. Ойын осылай жалғасады. 100 ұпай жинаған топ жеңімпаз деп жарияланады.

Сөзімізді түйіндейтін болсақ, өзге тілді студенттерге қазақ мақал-мәтелдерін меңгерту мақсатында дәстүрлі әдістермен қатар, бейдәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы олардың сөздік қорын молайтуға және қазақша сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыра отырып, ойларын нақты жеткізе білуге машықтандыруға болады. Әр түрлі сөзжұмбақтар, ребустар, суреттер және ойындарды қолданудың нәтижесінде студенттердің мақал-мәтелдерді үйренуге деген қызығушылықтары артады, оларды күнделікті тұрмыста қолдануға бейімделеді және ой-пікірін көркем жеткізуге дағдыланады.

«Бір сурет мың сөзге татиды» нақыл сөзін ұстаным ете отырып, дәрістерде мақал-мәтелдерді түсіндіру, баламасын беру немесе мақал-мәтелдер тақырыбын пысықтау үшін Power Point'ta дайындалған презентациялар көрсету керек. Дәрісте неғұрлым көп көрнекі құралдар мен іс-шаралар (ойындар, жарыстар, жаттығулар, сөзжұмбақтар т.б.) қолданылса, студенттердің тілдік материалдарды соғұрлым жақсы меңгеретіні белгілі. Сондай-ақ, сабақта ғаламтор, электронды сөздіктер мен оқулықтар т.б. жаңашыл оқыту технологияларын тиімді пайдаланған жөн. Тіл үйретудің тек сабақпен шектелмейтінін ескере отырып, сабақтан тыс уақытта да әр түрлі бағдарламалар ұйымдастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2006.
2. Қайдаров Ә. Қазақ мақал-мәтелдерінің пайда болу арналарының бірі – билер мен шешендік шығармашылығы // «С.М. Исаев оқулары» аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қайнар университеті, 2003.
3. Әуезов М. Шығармалар жинағы, 2-том. – Алматы, 1969.
4. Айтбаев Ә. Көркем тілдің бір кілті – қазақтың мақал-мәтелдерінде // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қайнар университеті, 2003.
5. Қайдаров Ә., Тұрабаева Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік инварианттары жайында // ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №3 – Алматы, 1982.
6. Тұрманжанов Ә. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 1993.
7. Малайсарин Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 2008.
8. Кейкін Ж. Қазақтың 6000 мақал-мәтелі. – Алматы, 1995.
9. Смайлова А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы, 2005.

10. Құрманәлі А. Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерге шолу//Академик Ә.Т.Қайдардың 85 жылдығына арналған «Этнос және тіл» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009.

Resume

This article deals with the ways of teaching Kazakh proverbs to foreign students. It also emphasizes the importance of teaching proverbs in developing students' speaking and writing skills.

Резюме

В данной статье рассматриваются способы обучения казахских пословиц иноязычным студентам. Так же подчеркивается важность обучения пословиц в развитии устной и письменной речи студентов.

Özet

Bu makalede yabancı öğrencilere Kazakça atasözlerini kavratma yolları anlatılmaktadır. Ayrıca atasözlerinin öğrencilerin konuşma ve yazma becerilerini geliştirmedeki önemi vurgulanmaktadır.

Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы керек.

Әбу Насыр Әл – Фараби
